



«Евразийский национальный
университет имени Л.Н.Гумилева»

Экономический факультет

Кафедра учет и анализа

ФГАОУ ВО «Российский
университет дружбы народов»

Экономический факультет

Кафедра бухгалтерского учета,
аудита и статистики

**«МЕЖДУНАРОДНЫЕ СТАНДАРТЫ УЧЕТА И АУДИТА:
ПРАКТИКА ПРИМЕНЕНИЯ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОЙ
ЭКОНОМИКИ»**

**Сборник статей Международной научно-практической
конференции 16 апреля 2021 г.**

Нурсултан

УДК 657(47+57)

ББК 65.053

П78

Рекомендовано к печати Ученым советом
Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева

Рецензент – доктор экономических наук, профессор *Алиев М.К.*

Научные редакторы:

заведующая кафедрой учета и анализа ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, кандидат экономических наук, ассоциированный профессор *Г.Д. Аманова*
PhD, и.о.доцент ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Жолаева М.А.
заведующая кафедрой бухгалтерского учета, аудита и статистики РУДН, кандидат экономических наук *М.В. Петровская*

П78 «Международные стандарты учета и аудита: практика применения в условиях цифровой экономики»: сборник статей Международной научно-практической конференции. Астана, 16 апреля 2021 г. – Нур-Султан: ЕНУ им Л.Н.Гумилева, 2021. – 256 с.

ISBN 978 601 337 121 4

Сборник статей научно-исследовательских работ студентов, магистрантов, докторантов, профессорско-преподавательского состава по итогам Международной научно-практической конференции 16 апреля 2021 г.

Предназначен для широкого круга читателей.

Электронная версия материалов сборника размещается на сайте www.enu.kz

Сборник научных статей участников конференции подготовлен по материалам, представленным в электронном виде. Ответственность за содержание материалов несут авторы статей.

© Коллектив авторов, 2021
© ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, 2021

ISBN 978 601 337 121 4

Комплаенс-анализ сыбайлас жемқорлықты және басқа да тәуекелдерді алдын алу жолдарының бірі ретінде

Жұмаділла Нұржан, Слямов Еламан
Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан қ., ҚР
Жетекші: Уразбаева Зейнегүл Орынбасаровна

Аннотация. Мақала қазіргі таңдағы бүкіләлемдік экономика, қаржы және де бизнес сфераларындағы сыбайлас жемқорлық пен басқа да тәуекелдердің алдын алу қажеттілігін қарастыруға арналған. Еліміздегі жемқорлық жағдайы және оның компанияларға әсері талданып, статистикалық мәліметтермен қамтылып, бизнестегі тәуекелдердің шешімі ретінде «комплаенс-анализ» жүйесі және оның оң әсерлері алға қойылған.

Кілтті сөздер: комплаенс-анализ, сыбайлас жемқорлық, экономика, компания, тәуекелдер.

Аннотация. Статья посвящена рассмотрению необходимости предотвращения коррупционных и других рисков в современной мировой экономике, финансовой и бизнес-сферах. Проанализирована ситуация с коррупцией в стране и ее влияние на компании, охвачены статистическими данными, в качестве решения рисков в бизнесе выдвинута система «комплаенс-анализ» и ее положительные эффекты.

Ключевые слова: комплаенс-анализ, коррупция, экономика, компания, риски.

Annotation. The article is devoted to the consideration of the need to prevent corruption and other risks in the modern world economy, financial and business spheres. The situation with corruption in the country and its impact on companies is analyzed, statistical data is covered, and the "compliance analysis" system and its positive effects are put forward as a solution to business risks.

Keywords: compliance analysis, corruption, economy, company, risks.

Бүгінгі таңда елімізде сыбайлас жемқорлық экономикамызға және еліміздің саяси дамуына үлкен кедергі болып табылады. 2019 жылдың нәтижелері бойынша (2245 сыбайлас жемқорлық жағдайы тіркелген) еліміз әлемдік рейтингте 180 мемлекеттің арасында 113-інші орынға ие болып, 100 ұпайдан 34-ін жинаған болатын. Яғни, өткен жылға қарағанда 3%-ға сыбайлас жемқорлық бәсеңдеп отыр. Сыбайлас жемқорлық бұл бизнестің қауіпсіздігіне елеулі зиян келтіретін құбылыс. Ол бизнестің тиімділігінің төмендеуіне әкеп соғады және компанияның беделін түсіреді. Компанияның демократиялық жүйесі мен құндылықтарын, әділеттілік пен компания алдындағы борышын бұзып, сыбайлас жемқорлық компанияның болашақ дамуына және құқықтық тәртібіне нұқсан келтіреді. Сыбайлас жемқорлық қызметкерлердің құқықтық түйсігін өзгертіп, жеке басының мүдделерін қанағаттандыру мүмкіндігін қапы жібермеу туралы ой қалыптастырады, компаниялар, бизнес және мемлекет үшін кері әсерін тигізеді. Ал енді: Неге мұның бәріне көз жұма қарамасқа? Неге бұрынғы және қазіргі елбасымыз жемқорлықпен күресуді үндеп, басты жолға қойып отыр? Бұл тезистың маңыздылығын түсіну үшін сыбайлас жемқорлықтың материалдық салдарын қарастырып өтелік:

1. Көлеңкелі экономика кеңейеді, ал бұл салық түсімдерінің тапшылығына әкеліп, нәтижесінде мемлекет экономиканы басқарудың қаржылық тұтқаларын жоғалтады. Мұның бәрі әлеуметтік проблемалардың туылуына алып келеді. Деректерге сүйенсек, экономикада 40%-дан асатын мөлшері көлеңкелі экономиканы құрайды. Сыбайлас жемқорлықтың ауқымы мен таралуын 80-жылдардағы экономикалық және құқықтық саясаттағы қателіктерден көрсек болады, іс жүзінде бизнеске қылмыстық әрекеттер арқылы кірумен көлеңкелі экономиканы туындатты.
2. Нарықтың бәсекеге қабілетті тетіктерін бұзады. Себебі бәсекеге қабілетті адам емес, заңсыз артықшылықтарға ие болған адам көбірек пайда көретіні анық. Бұл нарық тиімділігінің төмендеуіне және нарықтық бәсекенің беделін түсіреді.
3. Тиімді жеке меншіктердің пайда болуын баяулатады. Жасанды банкроттық, рейдерлік, мемлекеттік және криминалдық рэкитинг сияқты шенеуніктермен сөз байласу арқылы теріс процестердің орын алуы себеп болады.
4. Бюджет қаражаты, атап айтқанда, мемлекеттік тапсырыстар мен несиелерді бөлу кезінде, мемлекеттік және муниципалды мақсатты және ведомстволық бағдарламаларды іске асыру кезінде тиімсіз пайдаланылады. Бұл елдің бюджеттік проблемаларына әсер етеді, әсіресе

қаржылық және экономикалық дағдарыстар кезеңінде өте маңызды болады, өйткені бұл халықтың әл-ауқатының күрт нашарлауына әкеледі.

5. Сыбайлас жемқорлықтың «үстеме шығындар» есебі себепті, бағалардың өсуі орын алады. Бұл да тұтынушы халықтың зардап шегуіне септігін тигізеді.
6. Тұтынушылардың ғана емес, отандық өндірушілердің де жағдайы нашарлайды, өйткені меншікті қорғау тетігінің жұмыс істемеуі, монополияға қарсы заңнаманың жұмыс істемеуі, тауарлар мен қызметтерді импорттаудың қарқынды өсуі орын алады.
7. Нарық қатысушылары биліктің нарықтық ойынының адал болуына, бақылауына сенімін жоғалтады. Осыған байланысты инвестициялық климат нашарлап, өндірістік қорларды жаңарту және өндірістің құлдырауын жеңу деген сияқты проблемалар шешілмейді.
8. Үкіметтік емес ұйымдарда сыбайлас жемқорлық көбейеді, бұл олардың жұмыс тиімділігінің төмендеуіне, тұтастай алғанда экономиканың тиімділігінің төмендеуіне әкеледі.


Ал енді көптеген бизнестегі проблемалардың алдын алатын құрал ретінде біз комплеанс анализ функциясын ұсынамыз. Комплеанс анализ жүйесі бизнестегі назарсыз қалған катострофикалық және критикалық қауіптерді анықтап, алдын алады. Ол жеке адамдарды, бизнесті ықтимал қауіптердің салдарынан алдын ала қорғану қызметін атқарудың алғашқы кезеңі. Әр компания өзінің жеке ықтимал тәуекелдерін саралай отыра өзіне қажетті комплеанс функциясын таңдауы қажет. Кешенді комплеанс жүйесінің бизнесті қорғау әдістемесі бойынша 8 түрлі қолданыс құралдарымен жұмыс жасайтынын көрсетсек болады:

№	Құрал атауы	Қызмет ету механизмі
1	Чат-бот	Чат-бот бұл ішкі регламенттер мен нормативті акттердің міндеттемелерінің орындалуын қадағалайтын көмекші құрал. Расында пайдаланушылардың 51%-ы брендтерден жедел жауап күтеді. Сол үшін көптеген бизнестерде тәулік бойы қолдау қызметін іске қосып, қомақты қаржы жұмсайды. Көптеген тұтынушылардың сұрақтары бірдей болғандықтан, конфигурацияланған бағдарламаны қолданысқа қойып, чат-бот арқылы жауап қайтаруға болады. Жақсы конфигурацияланған чат-боттар 90% жағдайда жауап алады. Деректер бойынша, пайдаланушылардың 69%-ы боттармен байланысқанды жөн көреді, себебі бот бір мезетте 100 қолданушыға жауап қайтара алады, ал менеджерді күту керек болады.
2	Интерактивті навигатор	Интерактивті навигатор-ақпаратты материал болып табылады. Ол ашық көздерден алынған ақпаратқа, Заңтану және салық салу саласындағы жарияланымдарға мамандандырылған беделді БАҚ-қа негізделген тұжырымдар мен түсініктемелерді қамтиды.
3	Онлайн тренинг	Онлайн тренингтер жүргізу, кәсіпорын экономикасының әр түрлі салаларынан мамандарды үйрету. Олардың құны «тірі» курстарға қарағанда арзан жүреді. Мысалы: «Делойт» акедемиялық курстарын айта кетсек болады.
4	МҚК есептілігін автоматтандыру	Монополияға Қарсы Комитет есептілігін автоматтандыру-ҚР бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтарды алдын алады
5	Бұзушылық фактілері туралы хабарлау жүйесі	Компанияның іскерлік беделіне нұқсан келтіріп қана қоймай, шындыққа сәйкес келмейтін ақпаратқа қарсы шығу жүйесі. Егер мұндай ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланса, сот ісін дайындау кезінде осы саладағы заңнамалық нормаларды, сондай-ақ Азаматтық кодекс пен Қазақстан Республикасының Конституциясын қолдану қажет.
6	Кимнограф	Тұжырымдамадағы еңбекке сәйкес әділ рұқсаттаманы бөлу желісі арқылы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Жүктеме, сондай-ақ сыртқы қағаздарды тұжырымдамада сақтайды (құжат, аудиторлық қорытынды).
7	Revolver Online	Тұрақты бақылауға, тез арада анықтауға, сондай-ақ контрагенттің қоғамындағы тұрақты өзгерістерге тез жауап беруге, сондай-ақ оңай қол жетімді деректерді жан-жақты қарауға негізделген қаулыларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді
8	Deloitte legal hub	Deloitte Legal HUB-заңгерлер мен компанияның бизнес-функциялары арасындағы өзара әрекеттесудің, сондай-ақ білімді, ресурстарды және КРІ басқарудың тиімді ортақ жұмыс ортасын құруға арналған интерактивті модификацияланған платформа. Deloitte Legal HUB мәні мөлдір, басқарылатын және компанияның бизнес және басқа бөлімшелерінің өзара әрекеттесуінде тұрақты кері байланысты қамтамасыз етеді, сонымен қатар

	<p>кәсіпкерлерді де, басқа қызметкерлерді де монотонды және күнделікті жұмыстан босатады. Deloitte Legal HUB-бұл білімді сақтаудың және оны компания ішінде бөлісудің тиімді құралы.</p> <p>Deloitte legal HUB-тің тағы бір маңызды функциясы-қарапайым стандартты тапсырмаларды автоматтандыру, мысалы, қасипкерлердин қазіргі типтік сұрақтарға жазбаша кеңестер дайындауы, сонымен қатар кейінгі күрделі автоматтандыру үшін процестерді құжаттау.</p>
--	---

2018 жылдын 10 желтоқсанында АК "Самұрық-Қазына» Директорлар кеңесінің шешімімен комплаенс анализ жүйесін қабылдады. Компаниядағы комплаенс талдау жүйесі қызметкерлер немесе үшінші тұлғалар заңнаманы, құқықтық нормаларды, ішкі саясатты және қызметкерлердің немесе бизнес-серіктестердің әдепке жат мінез-құлқын бұзу фактілері туралы сұрақтар қоя алатын немесе хабарлай алатын құпия және қауіпсіз тәсілді қамтамасыз етеді. Компанияның комплаенс анализы бизнесті адал жүргізуді, соның ішінде сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимылды, корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысына жол бермеуді мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды қамтамасыз етудің, сенімгерлік ішкі корпоративтік қатынастар құрудың қажетті факторы ретінде ұстанылады.

"Самұрық-Қазынаның" негізгі қызметінен түскен таза табысы 2018 жылы 1 трлн 130 млрд теңгеден асты. 2017 жылмен салыстырғанда ол 31% - ға өсті. Ал 2019 жылғы таза табысы 1 трлн 256 млрд теңгені құрады. Комплаенс қадағалау инвесторларды, контрагенттерді, білікті мамандарды тарту үшін компанияға қолайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік беріп, сондай-ақ мақсатты аудиторияның ниеттестігін арттырып, қадағалау органдарымен өзара қарым-қатынасты жеңілдетті. Отандық нарықта түсініксіз революция орын алды: компания маркетинг пен сатылымға деген көзқарастарын түбегейлі қайта қарай бастады. Тәжірбиеден өткен жаңа жүйе айтарлықтай нәтиже берді. Бақылау және кәсіби дағдыларын жетілдірген компания нарыққа қарағанда тезірек өсті.



Комплаенс жүйесін компанияларға еңгізу барысында 3 түрлі кедергі болуы мүмкін:

1. Комплаенстың мақсаттары мен мәнін компаниялардың және компаниялар тобының қарапайым қызметкерлеріне түсіндіру қажеттілігі
2. Қолданыстағы комплаенс бағдарламасының тиімділігін көрсету қажеттілігі
3. Комплаенс мамандар жұмысының қажеттілігін қамтамасыз ету үшін ресурстар іздеу

Мемлекет ірі компанияның акционерлері мен менеджменті өз бизнесі үшін тәуекелдерді бағалауы тиіс деп есептейді. Біқтимал зиянды азайту мақсатында осы тәуекелдерден бақылау және қорғау жүйесін құру қажет. Мысалы, монополияға қарсы заңнаманы бұзған жағдайда Монополияға Қарсы Комитет кінәлі компанияға нарықтағы табысынан (минималды түрде) 15%-на айыппұл салады.

Бұл кез-келген компания үшін үлкен ақша. Осы үлкен залалға ұшырамас үшін кез-келген алдын алатын компания монополияға қарсы заңнаманы бұзу қаупін, сондай-ақ басқа да қауіптерді бақылайды.

Комплаенс-бұл сәнді сөз немесе имидждік жол емес, бизнес үшін нақты қажеттілік болып саналады. Өз кезегінде, комплаенс-тәуекелді басқару жүйесін құруға формальды көзқарас, осы мәселеге назар аудармау компанияның беделіне теріс әсер етуі мүмкін.

Әлем тез өзгеріп отыратының ескере кетсек, бизнес те соған сәйкес келуі тиіс екенің айта кеткеніміз жөн.

Қолданылған әдебиеттер

1. Комплаенс: построение эффективной системы в компании <https://pravo.ru/story/219025/>
2. Эффективный комплаенс <https://www2.deloitte.com/content/dam/Deloitte/ru/Documents/legal/russian/legal-compliance-function.pdf>
3. Зачем нужен комплаенс? <https://hipo.kz/post/zachem-nuzhen-komplaens/>
4. Комплаенс-система — эффективный ли инструмент в организации? https://compliance.su/blog/komplaens_sistema_effektivnyiy_li_instrument_v_organizatsii-i361